

6. Ялтинско-Потсдамская система / Ю. А. Дубинин, Б. Ф. Мартынов, М. М. Наринский, Т. В. Юрьева. Т. 3.– М.: Аспект Пресс, 2014. – 552 с.
7. Японо-Российские отношения. [ЭР]. Режим доступа: <https://www.ru.emb-japan.go.jp/RELATIONSHIP/MAINDOCS/compilation.html>
8. Токийская Декларация о российско-японских отношениях. [ЭР]. Режим доступа: <http://docs.cntd.ru/document/1902887>
9. Путин и Абэ активизируют переговоры на основе декларации 1956 года. [ЭР]. Режим доступа: <https://ria.ru/20181114/1532786816.html>; Путин и Абэ рассказали об итогах двусторонней встречи. [ЭР]. Режим доступа: <https://www.svoboda.org/a/29724687.html> и др.

Сарсембаева Ж.С., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КОК-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Жуынтаева З.Н.*)

АЙҚЫНДАУЫШ ПЕН АНЫҚТАУЫШТЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚИТУ

Тіліміздегі кейбір сөздер бірін бірі айқындап, анықтап отыратыны сияқты кей уақыттарда бүтіндей сөйлем құрылыстары да мазмұны жағынан өзін дәлелдей, нақтылай түсуді қажет етіп отырады. Сөйлем айтушының түрлі көзқарасын білдірсе, мұндай жағдайларда бас мүшелер тұрлаусыз мүшелердің өз бойына сыя бермейді. Осындай жағдайда сол сөйлемде оңашаланған мүшелі сөздер немесе сөйлемдер қабаттастырыла айтылып, негізгі хабарланған ойдың мазмұнын әр түрлі жақтардан толықтырып отырады. Осыдан барып сөйлемнің құрылысы да күрделенеді, білдіру мазмұны да күрделене түседі. Бұл ретте сөйлемді күрделендіріп тұратындар - оңашаланған мүшелер мен түрліше оқшау сөйлемдер. Қазақ тіл білімінде жалпы айқындауыштардың өзі үш түрге бөлініп жүретіндігі белгілі: қосалқы айқындауыш, қосарлы айқындауыш және оңашаланған айқындауыш. Біздің әңгіме етейін деп отырғанымыз да – осы соңғы оңашаланған айқындауышты түрі. Өйткені, сөйлемнің осындай құрылыстағы түрі кейде басқа да синтаксистік категориялармен астарласып жатады [1, 21]. Сонымен қоса, айқындауыш мүшелер мен анықтауыштың айырмашылығын ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, мысалдар келтіріп, дәлелдеп көрсетпекпіз.

Оңашаланған айқындауыш деп өзі қатысты сөзінен соң тұрып, ерекше әуенмен айтылып анықтайтын сөзінің заттық, шақтық, т.б, мағынасын дәлдеп көрсететін айқындауышты айтамыз [2, 184]. Оңашаланған айқындауыш өз атына сай айқындалатын сөзбен тығыз байланысты келеді. Айқындалатын сөзді не сөздер тіркесін негізгі сөз, негізгі сөз тіркестері деп қарап, айқындауышы бөлшекті тәуелді, бағынышты топ деп қарауымыз керек.

«Сөйлемнің оңашаланған мүшелері» деген мақаласында С. Жиенбаев та қазақ тіліндегі айқындауыш мүшелердің құрылымдық, мағыналық, функционалдық табиғаттарын ашуға із салды десек те болады. «Сөйлемнің оңашаланған мүшелері де көбінесе дағдылы орнынан тыс тұрған сөздер. Ондай оқшауланған сөздердің қызметі – бір затты, я бір істі әдейілеп айту арқылы анықтау. Сөйлемде анықтау қызметін атқаратын сөздер – анықтауыштар. Олай болса, оңашаланған сөздердің функциясы да анықтауыштардың функциясымен бірдей. Бірақ, оларды жай анықтауыштармен салыстырғанда тұрған орны жағынан болсын, айтылу интонациясы немесе анықтап тұрған сөзімен байланысы жағынан болсын, өзгешелігі көп. Бұлардың оңашаланған мүше болып атану себебі де осындай ерекшелігі барлығынан» [3, 52] –деген тұжырымымен бұл құрылымды онан соң сөз еткен ғалымдарымыз да келіседі.

Мәселен, М. Балақаев: «Айқындауышты анықтауыштың ерекше бір түрі деп қараймыз. Бірақ анықтауыш өзі анықтайтын сөзінен бұрын тұрса, айқындауыш онан кейін, соң тұрады. Айқындауыш өзі анықтайтын, түсіндіретін сөзінің мағынасын дәлелдейді, нақтылап, ерекшелей көрсетеді»–десе, бұл тақырыпты арнай сөз еткен О.Күлкенова да бұл пікірмен келіседі.

С.Жиенбаевтың аталған құрылымдары жіктеудегі ерекшелігі оларды орын тәртібіне сай, яғни анықталатын сөз бен айқындауыштың орналасуына сай екіге бөлуі. Біріншісі, оның өз сөзімен айтсақ, «дағдылы түрі – анықтайтын сөзінен кейін келетін айқындауыш». Мысалы:

«*Құнанбайдың қасындағылар – Байсал, Қаратай, Сүйіндіктер – осы сөзге тоқтасты*». Анықталатын сөз түрленгенде, сол ыңғайда айқындауыш та өзгереді дейді. Ал анықтауыш мұндай өзгеріске түспейді, бұл олардың ерекшеліктерінің бірі.

Қ.Есенов профессор А.Жапаровтың оңашаланған мүшелерді өз атқаратын қызметіне сай сөйлемнің «түсіндірме мүшелері» деп атағандығын еңбегінде көрсетеді. Оңашаланған

айқындауыштың негізгі қызметі өзінен бұрынғы сөйлем мүшесінің мән-жайын толықтырып, соны айқындау болып табылады. Осыған орай айқындауыш мүшелер оңашалана айтылады да, өз алдына интонациялық жікке ие болады. Ал айқындалатын сөздер сөйлемнің барлық мүшесі де болып келе береді. Осындай құрылыста келетін оңашаланған айқындауышты сөйлемдерді өзара саралағанда, олардың қолданысы төмендегіше болады [1, 25].

Бастауышты айқындай қолданылған оңашаланған мүшелер. Мұның өзінде оңашаланған мүшелер бір сапада қолданыла бермейді. Бірде оңашаланған мүшелер айқындайтын бастауыш сөзімен үйлесе айтылып, сол қимыл иесінің сапалық қасиетін әр түрлі дәрежеде білдіріп тұрса, енді бірде оның амалдық, қимылдық жағдайын көрсетіп тұрады. Кей уақытта оңашаланған айқындауыштар өз бастауышының салыстырмасы ретінде де жұмсалады. **Халиолла, Абайдың інісі, шай басы сайын тың әңгіме қозғайды, оның бәрі есте қала бермейді [М.Ә].** Мұндағы Халиолла, Абайдың інісі деген сөйлемдер бастауыш қызметін атқарып, оңашаланып тұр. Яғни, Халиолла Абайдың інісі екенін айқындайды.

Баяндауышты айқындай қолданылған оңашаланған мүшелер. Кейде оңашаланған сөйлем мүшелері баяндауышқа қатынасты айтылады да, сондағы сөздің мән-жайын айқындап тұрады. Мұндайда да олар көбінесе жеке өз алдына сөйлем ретінде жұмсалады. **Тәкежан мен Ысқақ - басқа үйлерде, өзге шешелер тәрбиесінде [М.Ә]. Оқымағанның ішіндегі ең жүйрігі – Абыралы [М.Ә].** Осындағы бірінші сөйлем баяндауышқа қатысты айтылғандықтан, яғни Абыралыға, соның мән-жайын айқындап тұр. Содан бұл жеке өз алдына сөйлем ретінде жұмсалып тұр.

Толықтауышты айқындай қолданылатын оңашаланған мүшелер. Оңашаланған айқындауыш сөздер негізгі сөйлемдегі толықтауыштың мән-жайын ашуда онымен іргелес болып та, алшақ болып та өз функциясын атқара береді. Іргелес (қатар) келген айқындауыштар айқындалатын объектісімен көбінесе тұлғалас болып, бірыңғай ізде келеді. **Абай енді Кәмшатқа, Айғыздан туған қарындасына байланысты аса аянышты халді есіне түсірді [М.Ә].** Бұл сөйлемде барыс септігіндегі оңашаланған айқындауыш негізгі сөйлемдегі толықтауыштың мәнін ашуда. Яғни, Кәмшаттың Абайға кім болып келетіні хақында. Осыдан көп ұзамай Құнанбай Бердіқожа кызы, Әуездің қарындасы Нұрғанымды төртінші әйелі етіп тоқалдыққа алды [М.Ә]. *Мұнда да дәл осылай.*

Анықтауышты айқындай қолданылатын оңашаланған мүшелер. Сөйлемнің осындай конструкциялы түрін әдеби тілімізден аз кездестірдік. Демек, анықтауыштың айқындалып отыруы тіліміздің стильдік заңдылығында өте сирек құбылыс болса керек. Дегенмен де ол оқта - текте болса да кездесіп қалады. **Абай ешқашан кіші апасының, Айғыздың мұншалықты бүлініп, көгеріп-сазарыпалған жаман түрін көрмеген еді [М.Ә].**

Пысықтауышты айқындай қолданылатын оңашаланған мүшелер. Мұндай оңашаланған мүшелер тілімізде көптеп кездеседі. Пысықтауышты айқындауыштардың оңашалануы көбінесе айқындалатын сөздердің мезгіл, мекен пысықтауыш түрлерінде жиі ұшырап отырады. Оңашаланған айқындауыш мүшелер мезгілдік жағынан жуық араны білдіретін пысықтауыш сөздердің мән-жайын ашу бағытында болады. Мезгіл пысықтауыштарды **Биыл, мешін жылы Абай өзі дәл жиырмаға толады [М.Ә].** Енді бірде айқындауыштар күн мезгіліне байланысты пысықтауыштарды анықтау ыңғайында оңашаланады. Бұл ретте олар жалпылай айтылған мезгілдік ұғымды дәлденкірей, нақтылай түседі, кейде тіпті мөлшерін де білдіріп тұрады. **Мезгіл сәуірдің басы, қар бір еріп, бір қайта жауып жатқан не арба, не шана емес лайсаң уақытта Тезек төре дәл қойылатын күні еліне хабар бергізе алмаған [М.Ә].** Мұнда айқындауыштарды пысықтауыштарды анықтау мақсатында оңашаланып тұр.

Оңашаланған айқындауыштың енді бір қолданыстары ай, жыл мезгіліне байланысты пысықтауыш сөздердің мазмұнын ашу ыңғайында жұмсалады. Мұнда да олар өзі жетектеле айтылатын негізгі тірек сөзге байланысты оқиғаның қашан, қай мезгілде орындалатынын саралай көрсетеді. **Жаз ортасы ауа, Халиолла Омбыдағы оқуына жиналған шақта, оны Семейге шейін шығарып салған қалың өрен-жаранның ішінде Абай да бар еді [М.Ә].**

Жалпы, оңашаланған айқындауыш мүшелердің мынадай негізгі белгілерін С.Жиенбаев былай көрсетеді:

- 1) Оңаша сөйлемнің басқа бір мүшесін ерекше түрде айқындау үшін айтылады.
- 2) Оңаша мүше сөйлем мүшесінің дағдылы орнында тұрмайды және бөлекше кідіріспен айтылады.
- 3) Оңаша мүшенің тағы бір белгісі – сөйлем мүшесімен қиындасу (тіркесу), меңгеру, меңгерулі жөніндегі өзгешелігі.

4) Оңаша айқындауыш кейде айқындауыштың дағдылы орнында да тұрады (анықтайтын сөзінің алдында). Бірақ, онда жай анықтауыштың сұрағына жауап бермей, оқшауланып тұрады, біраз кідіріспен айтылады.

5) Оңаша сөздердің өздері анықтауыш сөздер ертіп жүре алады.

6.) Оңаша мүшелер сызықшамен, үтірмен бөлінеді.

Шындығында да, бұл тақырыпта әңгіме еткендердің барлығы да «Айқындауыш айқындалатын сөзден кейін тұрады», «Сөйлемде өзінен бұрын тұрған бір мүшенің мағынасын басқа бір сөз тіркесі арқылы айқындап, дәлдеп түсіндіретін айқындауыштың түрін оңашаланған айқындауыш дейміз», «Айқындауыштар өзінен бұрынғы сөзді екінші бір сөзбен айтып түсіндіреді», «Дара сөз немесе сөз тіркесі өзінен бұрынғы сөздің мағынасын дәлелденкіреп, анықтай түсіп тұрса, оңашаланған айқындауыш болады» - деген бірнеше анықтамалар ұсынылады [3;53].

Біздің мақсатымыз, осы айтылған теориялық мағлұматтарды оқушыларға іс-тәжірибе жүзінде меңгерту жолдарын қарастыру болып табылады. Осыған орай ең алдымен қазіргі инновациялық технологиялар туралы шолу жасап, солардың кейбір элементтерін сабақ жоспарында пайдаланбақпыз.

Педагогикалық қызметтің басты мақсаты жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор[4;7].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Осы тұрғыда жаңа технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдаланамыз.

Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы»(М.Жанпейісова), «Деңгейлеп оқыту технологиясы» (Ж.Қараев), қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова), «Сын тұрғысынан ойлау» т.б. технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде [5; 28].

Соған орай, төмендегі сабақ жоспарында инновациялық технологиялармен айқындауыш мүшелерді оқытудың үлгісін ұсындық:

Сабақ тақырыбы	Сөйлемнің айқындауыш мүшелері	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Айқындауыш мүше туралы мәлімет алып, түрлерін ажырата білуге үйрену. Сөйлемнің айқындауыш мүшелерін лингвистикалық тұрғыдан тану, сөйлемде белгілі бір тыныс белгілерімен ажыратылатынын түсіну.	
Бағалау критерийлері	Мәтін мазмұнына қатысты сұрақтар құрастырады. Өзара диалогқа түсу арқылы сұрақтарға жауап береді.	
Құндылықтарды қалыптастыру	Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жалпы әлемдік және аймақтық мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы, Азаматтық жауапкершілік	
Дескриптор	Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша топта, жұпта берілген жұмыстарды орындайды. Постер құрайды. Берілген сұрақтарға жауап береді. Бірін-бірі бағалайды.	
АТҚ қолдануы	Интерактивті тақта, презентация, постерлер, стикерлер, маркерлер, фото-суреттер, кеспе қағаздар, сұрақтар, топ ережесі, постерді бағалау критерийлері, бағалау парақтары.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер
Кіріспе 5 минут	Ұйымдастыру бөлімі: оқушылармен амандасу, түгендеу, тастар арқылы оқушыларды 2 топқа бөлу. Бағалау парақтарын тарату. I. Өткен тақырыпты пысықтау	

	<p><u>Пысықтауыш, Сөйлем мүшелері</u></p> <p>а/ «Олжалы бестік» ойыны /жазылған сөздер мен сұрақтар/7 сөз дайындап, олардың артына сұрақ жасыру және бір сөздің артына тек қана «5» бағасын қою.</p> <p>«Мықты болсаң, тауып көр» «Жүйрік болсаң, шауып көр» «Алғыр болсаң, алып көр» «Тапқыр болсаң, тауып көр» «Ойлы болсаң, озып көр» «Зерек болсаң, айтып көр» «Шешен болсаң, сөйлеп бер»</p> <p>ә/ «Сыңарын тап» ойыны /сурет пен сұрақтардың сәйкестігін табу, мысалдар келтіру/[1-қосымша]</p>	Таратпа қағаздар
Тұсаукесер 5 минут	<p>II. Проблемалық ой тастау. “Ой қозғау”</p> <p>Оқушылар, тақтада берілген сөйлемге назараударыңдар.</p> <p><u>Бұл сөйлемде белгілі бір сөйлем мүшесінің мағынасын теренірек ашып тұрған сөздер бар ма? Ол сөздер қай сөздің мағынасын түсіндіріп тұр?</u></p> <p><i>Төркүлөзінің желгі жұртында, <u>Ұзынбұлақтың басында, отыра кен.</u></i> <i>Жаназаға, <u>Бөжейдің жаназасына, шақырылмаған Зере,</u></i> <i>Ұлжандар өлердей күйіп, өзгеше шерлі болып қалған еді. Ол –</i> <i>Арқаға атышыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз,</i> <i>әсемүні мен ұйтқан Біржан сал.</i></p> <p><u>Демек, сөйлемде белгілі бір мүшені заттық мағына жағынан басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап көрсететін сөз немесе сөздер тобын айқындауыш мүше деп атаймыз.</u></p> <p><u>Сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы “Сөйлемнің айқындауыш мүшелері” Ал сабақ мақсатымыз қандай?</u></p>	Слайд
Негізгі бөлім 10 минут	<p>III. Жаңа тақырыпты меңгеру.</p> <p>“Жеке-жұптық-топтық жұмыс” “Ойлан-жұптас-пікірлес”</p> <p>1. Сөйлемнің айқындауыш мүшелері туралы оқулық бойынша <u>жеке</u> түсініп оқу, <u>жұп</u>пен сырласу, <u>топ</u>пен пікірлесу. ТОП ЕРЕЖЕСІН САҚТАУ!</p> <p>2. “Зигзаг”-өзара оқыту стратегиясы.</p> <p>1-топ-Оңашаланған айқындауыш 2-топ- Косарлы айқындауыш</p> <p>Постерді құрастыру – постерлерді алмастырып, өзара оқыту – постерді қорғау- <u>постерді қорғау критерий бойынша</u> бір-бірін бағалау “Екі жұлдыз, бір тілек”</p> <p>3. “Миуалы ағаш” стратегиясы. «Аласқан айқындауыш мүшелерін» табу.</p> <p><u>Дымбілмес айқындауыш түрлерін шатастырып тастады, сондықтан оларды орындарына орналастырыңдар./Дәптерге жазу/. [2-қосымша]</u></p> <p>4. “РАФТ” стратегиясы. [3-қосымша]</p>	
10 минут		
5 минут		
Сабақты бекіту 3 минут	<p>IV. Жаңа сабақты бекіту.</p> <p>1. Айқындауыш мүше дегеніміз не? 2. Айқындауыш мүшенің түрлерін ата. 3. Оңашаланған айқындауыштың тыныс белгісі. 4. Анықтауыш пен айқындауыштың айырмашылығы.</p> <p>Есте сақта! Ереже бойынша пысықтау сәті. Кесте бойынша пысықтау жұмысы Түрлері, мәні, мысалдары бойынша пысықтау.</p>	
<p>Сабақтың өзіндік талдауы: V. Өз-өзіме кері байланыс-есеп. «Бес саусақ» стратегиясы. [4-қосымша]</p> <p>Не үйрендім? Неге көңіл аудару керек? Кімге көмектестім? Көңіл-күйім? Неден қиналдым? Оқушылар өз бес саусақтарын салып, сұрақтар бойынша жауаппен толтырады.</p> <p>«Бағалау парақтары» бойынша бағалау.</p> <p>«Шәкіл социометриясы» сабақты бағалау-кері байланыс беру. Оқушылар сабақ қаншалықты ұнағанын смайлик арқылы шкала бойынша белгілейді. [5-қосымша]</p>		
Тәжірибелік сабақты бағалау «Бағалау парағы»	<p>Мен болам оңашаланған айқындауыш Болмаймын еш уақытта анықтауыш. Өзімнен бұрын тұрған сөзді ғана,</p>	

бойынша бағалау. Қорыту	Айқындап, түсіндіріп, берем нағыз. Белгінің менде болар екі түрі, Кәдімгі кезбе үтір- оның бірі Кей кезде сызықшаны керек етем, Үтірдің ауыр болса алған жүгі. Қосарланған, қосалқы топтарым бар, Тең тіркесіп, дефиспен тұрады олар. Орынды ауыстырсам жөнім де бар, Өзгермейді сонда да мағыналар. “Қызықты грамматика” жинағынан
----------------------------	--

Әдебиеттер:

1. Есенов Қ.М. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2010, 226 бет.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Ана тілі, 1992, 246 бет.
3. Боранбай Б.Е. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы (С.С.Жиенбаев еңбектері негізінде) – Алматы, 2013.
4. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру // Қазақстан мектебі, № 5, 2013.
5. Бұзаубақова К.Ж.. Жаңа педагогикалық технология. (Оқулық) –Тараз. ТарМУ, 2003.

Тұтқыш А.Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, ИО-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекшісі - т.ғ.к., доцент Бейсенбекова Н.А.*)

Е.Б. БЕКМАХАНОВ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХ

Тамырсыз тал болмайды, тарихсыз ел болмайды, - деп келетін мақал елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының бар мәнін ашып тұрғандай. Бұл мақаланы оқи отыра Алтай мен Атыраудың арасын, Ертіс пен Есілдің жағасын мекендеп, Қаратаудан Ұлытауға дейінгі ұлы даланы жайлаған ұлтымыздың ұлылығын, бабаларымыздың батырлығын көруге болады. Бұл стратегиялық мақаласы елімізді және оның халқын көп қырлы және жан-жақты тарихын түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді. Ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда тарихшы тұлғаларымыздың алар орны ерекше. Отандық тарихтың тарихнамасына елеулі үлес қосып, еңбектерінде көтерілген тарихи мәселелер тарихнамадағы XX ғасырдың басындағы атақты ғалым тарихшы Ермұхан Бекмаханов.

Тарихшы Е.Б.Бекмахановтың «XIX ғ. 20-40 жж. Қазақстан» [1] деген ғылыми еңбегіне жазылған сын-пікірлер, оны айыптаған сот үкімінің шешімдерінің мазмұнынан біздің осы мақаламыздың тақырыбына байланысты негізгі проблемаларды табуға болады. Тарихшының трагедиялық өмірі және оның осы монографиясын жазу барысындағы пайдаланған деректері, әдіс-тәсілдері XX ғ. 40-ж. өзінде-ақ бүгінгі тарих ғылымындағы зерттелуді қажет ететін проблемаларды көрсете білді. Біз оларды біз былайша топтастырдық:

1. Қазақ тарихын жазу үшін қажетті деректердің ішіндегі құндыларының бірі - ұлттық дерек (ақын, жыраулар шығармалары, шежірелер, ұлттық аңыздар, эпостық жырлар). Яғни, бүгінгі біз айтып жүрген ұлттық деректердің, ауызша тарихи дәстүрлердің, фольклордың маңыздылығын ғалым сонау XX ғ. 40-50-жж. айтқан.

2. Оны буржуазияшыл деген айыптаудан Қазақстан тарихындағы зерттелетін проблема ұлттық буржуазия, оның қоғамдағы рөлі деген проблема айқындалды. Буржуазияшыл-ұлтшылдық, ұлт мүддесін қорғаған, Алашорда мүшелерінің шығармаларын пайдаланды деген айыптаудан, ұлттың тағдырын ойлаған қазақ зиялыларының тарихын болашақта зерттелетіндігін көрсеткен. Бүгінде Отандық тарихта бұл проблема өзекті болып отыр. Қазіргі кезеңдегі тарихшы-ғалымдардың зерттеулері соны дәлелдеді.

3. Оны байшыл-феодалдық, хандық үкіметті жақтаушы деген айыптаудан - сол кездің өзінде Е.Б.Бекмахановтың Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру мәселесін қозғап, сол үшін күресе отырып, тәуелсіз мемлекет деген тақырыпты зерттеуді тарихшылардың зердесіне салады.

4. Орыс халқына қарсы күресті деген айыптаудан Қазақстан тарихында сол кезде әлі толық зерттелмеген орыс-қазақ байланыстары тақырыбын күн тәртібіне шыққаны көрінеді. Патша үкіметінің Қазақстанға жүргізген саясатының түпкі мақсатын объективті тұрғыдан ашуды тарихшылардың алдында міндет етіп қалдырды.